


ЭЛЕМЕНТ

ЭЛЕМЕНТ



# XXI ҒАСЫРДЫҢ ҚАЛАСЫ



Әйгілі қиялгерлердің тандай тақылдатар туындылары ықылым заман өткеннен кейін шындыққа айналып жататыны бар ғой. Мүлдем мүмкін еместей көрінер адам ойының жемісін айғақтар мысалдар мен деректерді молынан санамалап тізбелеуге болады. Дабылды дәуірдің, ұшқыр уақыттың қазіргі тымсы келешек көкжиектердің биігіне жанар сүздірендей. Жоғарыда мезгелен ертегіде пара-пар аңыз — Астананың ақиқатқа айналған ғажайып дидагы. Қаңбақ кезген, ақ селеулі сайын даланың төсінде өте қысқа мерзімде асқақтай бой көтерген өсем де сулу шаһар мерейімізді тасытып, еңсемізді тіктетіп отыр.

Өркениеттің өршіл өрістеуі кезінде қала көтеріп, оның кескін-келбетіне назар аудартар ажар беріп, көрік әкелу қиынның қиыны. Дөңгеленген Жер-бесіміздің үстінде өзіндік архитектуралық тамаша көркімен көз жауып алар қалалар көп-ақ. Сондықтан да дүние жүзіндегі ең жас астана — Қазақ елінің Бас қаласының аралы шырайына сұлулық үндестірген әлемдік сәулет өнерінің ең үздік үлгілерімен салынған ғажайып ғимараттар ансамбльдері бірін-бірі толықтыруда. Қазақстандық архитекторлар мен құрылысшы-инженерлердің осы орайдағы игілікті ізденістері көңіл аудартады. Әуелде әр-әр тұстан менмұндалап көкке қол созған зәулім де, заңғар құрылыс силуэеттері келе-келе қаланың күрделілігі саналатын үлкен даңғылдар мен көшелердің сойіне айналған. Ұлттық нақыштарға бай, бүгінгі архитектураның үрдісті жетістіктері мен озық өрнектерінің шеберлікпен ұштас-тырылғаны жаңа құрылыс нысандарына айқын байқалады. Ұшқыр қиялдан туған керемет ғимараттардың көрнектісі — “Астана-Бөйтерек” монументі. Елорданың қастерлі бейтұмарына айналған оның ұшар басынан зер салған өркім-ақ Астана келбетінің танымалдай құлпыра түскеніне күә болары сөзсіз. Құе биігінен айнала-төңірегін құдды алақандағыдай шалынады.

Ә дегенде көзге ұратыны көгілдір аспанмен астасқан алтын күмбезді “Нұр-Астана” мешітінің ақшанқан дидагы, мың бұрала билеген “Солтүстік шұғылсы” аталатын егіз үй, одан сәл өрректені өзінше бір архитектуралық кешенді ансамбльді құрайтын “Дөңгелек аланды” сақиналап бой көтерген тұрғын үйлер мен өкімілік мекемелері. Күні кеше ғана өз есігін

айқара ашқан “Қазақ темір жолының” қырық қабатты, 175 метр биіктікке шаншыла көк тіреген ғимараты мен ерке Есілдің оң жағалауынан асқақтаған көгілдір мұнараға оранған сәулет өнерінің тамаша үлгісін танытар жаңа нысан елорда бейнесін бұрынғыдан бетер ажарландыра, айшықтай түскен.

Адам қиялы шексіз-ау! Тек қанат бітіре блу керек. Аз уақыттың ішінде төрткүл дүниенің назарын өзіне аударған Астананың кескін-келбетін даралаудағы қазақстандық сәулетші-лердің батыл да, тосын шешімі кімді болсын қатты қызықтырады. Әсіресе, үлкен шаһарлар салудағы тамаша тәжірибелер ұтқыр қиолас-тырылған шығыс пен батыстың архитектурасы көзге оттай басылады. Осы орайда өдеттегі құрылыс графикасының бейне поэзия тілімен сөйлеп тұрғанын айрықша қадап айтқан жөн. Шеңбер, цилиндр, эллипс, конус, үшбұрыш, ша-ңырақ пішініндегі құрылыс жауһарларының қай-қайсысы да мақтануға тұрарлық. Тәуелсіздік сарайы, Бейбітшілік және келісім сарайы — “Пирамида”, мемлекеттік мұрағат орналасқан “Жұмыртқа үй” тәрізді ғаламат нысандардың қатарын болашақта сәулеті мен салтанаты күп қосылған жаңа Опера театры, Хазірет Сұлтан мешіті, “Хан Шатыр” ойын-сауық-сауда орта-лығы, Әлемдік Архитектура Триенал халықара-лық конкурсында күміс медальды иеленген қазақ сәулетшісі Шоқан Матайбековтің биіктігі 300 метр болатын жетпіс қабатты зәулім ғимараты толықтырады. Осылардың өзінен-ақ Арқа төрін-дегі елордамыздың келешегін айқын байқайсыз.

Жыл санап емес-ау, ай санап өскен еліміздің байтағын сәулетшілер “XXI ғасырдың қаласы” деп кеуде кере, мақтаныш сезіммен атайды. Өте орынды. Таяу мерзімде елорда даңқын өйгілер жаңа тұрғын үй кешендері, денсаулық сақтау мекемелері, білім беру ошақтары, өнер ордалары мен спорт алаңдары бой көтермек. Есілді айқу-үйқыш өрнектеген көпірлер салынып, жасыл желекті саябақтар мен гүлзарлар қатары көбеймек. Ел игілігі үшін қолға алынған орасан істердің өзегі ешқашан үзілмек емес.

Иә, жаңа ғасыр шаһарының ертеңі қазіргісінен де жарқын болары даусыз.

Жанат ЕЛШІБЕК,  
“Егемен Қазақстан”.

